Мақала

“Жоқ” деген сөздің құны

Сталкингті романтика емес, құқық бұзушылық ретінде қабылдайтын кез келді.

Кіріспе

Жоқ» деген сөз әрдайым түсінікті естіле ме? Өкінішке қарай, қоғамда бұл сұрақтың жауабы әлі де біржақты емес. Кейбір адамдар үшін қайта-қайта хабарласу, соңынан қалмау немесе үздіксіз назар аудару – махаббаттың белгісі. Ал енді бірі мұны жеке шекараны бұзу, психологиялық қысым көрсету деп қабылдайды. Осы екі көзқарастың арасындағы айырмашылық кейде бір адамның қауіпсіздігіне, тіпті өміріне әсер етуі мүмкін.
Ұзақ уақыт бойы қоғамда «қыздың жоқ дегені – иә», «табанды болса, көндіреді» деген түсініктер қалыпты құбылыс ретінде айтылып келді. Мұндай стереотиптер фильмдерде, әндерде, әлеуметтік желілерде жиі көрініс тауып, көпшіліктің санасына сіңді. Алайда соңғы жылдары орын алған қайғылы оқиғалар мен қоғамдағы қызу талқылаулар бұл түсініктің қаншалықты қауіпті екенін көрсетті. Сондықтан бүгінгі таңда сталкинг мәселесіне тек қарым-қатынас тұрғысынан емес, адамның құқығы мен қауіпсіздігі тұрғысынан қарау маңызды.

Махаббат па, әлде қудалау ма?

Ең алдымен, «сталкинг» ұғымының мәніне тоқталған жөн. **Сталкинг – адамның келісімінсіз оны жүйелі түрде бақылау, соңынан қалу, қайта-қайта хабарлама немесе қоңырау шалу, әлеуметтік желілер арқылы мазалау, сондай-ақ оның жеке өміріне қол сұғатын өзге де әрекеттер.** Көп жағдайда мұндай іс-әрекеттер бір реттік емес, ұзақ уақыт бойы қайталанып отырады. Соның салдарынан адам өзін қауіпсіз сезінбей, үнемі алаңдаушылық пен қорқыныш күйінде өмір сүруі мүмкін. Өкінішке қарай, қоғамда сталкингтің барлық түрі бірдей қауіпті әрекет ретінде қабылданбайды. Сталкинг тек психологиялық жайсыздық тудырып қана қоймайды. Ол адамның күнделікті өміріне, оқуына, жұмысына және эмоционалдық жағдайына әсер етеді. Сондықтан бүгінгі таңда бұл мәселе тек жеке адамдар арасындағы қарым-қатынас емес, қоғамның қауіпсіздігі мен құқықтық мәдениетіне қатысты маңызды тақырыптардың біріне айналып отыр.

«Жоқ» деген жауап неге еленбеді?

Сталкингтің ұзақ уақыт бойы қоғамда елеулі мәселе ретінде қабылданбауының басты себептерінің бірі – санамызға сіңіп қалған стереотиптер. Көптеген адам «ер адам табанды болуы керек», «қыздың жоқ дегені – иә», «шынайы сүйсе, соңына дейін күреседі» деген түсініктерді қалыпты жағдай ретінде қабылдап келді Табандылық пен қысым жасаудың арасын ажырата білу – қазіргі қоғам үшін маңызды мәдениет.Өкінішке қарай, кейбір адамдар әлі күнге дейін үздіксіз хабарлама жазуды, әлеуметтік желі арқылы бақылауды немесе адамды қайта-қайта іздеуді сезімнің көрінісі деп есептейді. Мұндай түсінік сталкингтің қаупін төмендетіп көрсетеді және жәбірленушінің алаңдаушылығын елемеуге әкеледі. Соның салдарынан көптеген адам өз мәселесін айтуға қорқады немесе «бұл қалыпты жағдай шығар» деген оймен үнсіз қалады. Қоғамдағы мұндай көзқарас бір күнде қалыптасқан жоқ, сондықтан оны өзгерту де уақытты талап етеді. Дегенмен соңғы жылдары болған кейбір қайғылы оқиғалар адамдардың сталкингке деген көзқарасын қайта қарауға себеп болды. Солардың бірі – қоғамда үлкен резонанс тудырған Нұрай Серікбайдың оқиғасы.

Бір оқиға өзгерткен көзқарас

Кейде бір ғана оқиға қоғамның белгілі бір мәселеге деген көзқарасын түбегейлі өзгертіп жібереді. **Қазақстанда сталкинг тақырыбының кеңінен талқылана бастауына себеп болған сондай оқиғалардың бірі – 21 жастағы студент Нұрай Серікбайдың қазасы.**Тергеу мәліметтеріне сәйкес, бойжеткен ұзақ уақыт бойы қудалауға ұшыраған. Айыпталушы оның соңынан қалмай, қайта-қайта хабарласып, тыныштығын бұзған. Кейбір күндері екі сағаттың ішінде ондаған рет қоңырау шалғаны айтылды. Бұған қоса, Нұрайды еркінен тыс көлікке отырғызып, некеге тұруға мәжбүрлеуге әрекет жасағаны туралы деректер де сотта қаралып жатыр. Өкінішке қарай, бұл қудалау уақыт өте келе аса ауыр қылмыспен аяқталды. Бұл оқиға қоғамда үлкен резонанс туғызды. Әлеуметтік желілерде мыңдаған адам сталкингтің жай ғана «табандылық» немесе «махаббаттың белгісі» емес, адамның өмірі мен қауіпсіздігіне қауіп төндіретін әрекет екенін айта бастады. Сонымен қатар, марқұмның туыстарының бұған дейін құқық қорғау органдарына бірнеше рет жүгінгені туралы ақпарат қоғамда үлкен сұрақ туғызды. Бұл жағдай алдын алу шараларының қаншалықты маңызды екенін және мұндай шағымдарға дер кезінде назар аударудың қажеттігін көрсетті. Нұрай Серікбайдың қайғылы оқиғасы Қазақстанда сталкинг мәселесіне деген қоғамдық көзқарастың өзгеруіне ықпал етті. Бұрын көпшілік мән бермейтін әрекеттердің шын мәнінде адамның құқықтары мен қауіпсіздігіне төнетін қатер екені кеңінен талқылана бастады. Бұл мәселе тек қоғамда ғана емес, заңнамалық деңгейде де қайта қаралып, жауапкершілікті күшейту қажеттігі туралы пікірлердің артуына себеп болды.

Заң неге енді ғана қатаңдай бастады?

Ұзақ уақыт бойы Қазақстанда сталкингке қатысты нақты құқықтық тетіктер жеткіліксіз болды. Соның салдарынан көптеген жәбірленуші өз қауіпсіздігіне алаңдаса да, қажетті қорғанысқа дер кезінде қол жеткізе алмады.Алайда соңғы жылдары қоғамдағы сұраныс пен резонанс тудырған оқиғалардың әсерінен бұл мәселеге деген көзқарас өзгере бастады. Бүгінде Қазақстанда сталкингке қатысты жауапкершілікті күшейту мәселесі заңнамалық деңгейде қарастырылып жатыр. **Мәжілісте Қылмыстық кодекстің 115-1-бабы бойынша жазаны қатаңдату туралы ұсыныстар айтылып**, адамның нақты қарсылығына қарамастан оны қудалау, қайта-қайта хабарлама жазу немесе мазалауды қайталап жасаған жағдайда жауапкершілікті күшейту мәселесі көтерілді. Бұл өзгерістердің басты мақсаты – қылмыс орын алғаннан кейін ғана әрекет ету емес, қауіпті жағдайдың алдын алу. Өйткені сталкинг көбіне бірден ауыр қылмысқа ұласпайды. Ол адамның жеке шекарасын бұзудан, үздіксіз мазалаудан басталып, уақыт өте келе әлдеқайда ауыр салдарға әкелуі мүмкін. Сондықтан заңның мұндай әрекеттерге ертерек назар аударуы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды қадамдардың бірі болып саналады.

Дегенмен заңның қабылдануы мәселені толық шешпейді. Сол себепті заңмен қатар қоғамдық сана мен мәдени көзқарастың өзгеруі де аса маңызды.

Мәдениет пен медианың ықпалы

Қоғамдағы көзқарастың қалыптасуына заң ғана емес, мәдениет пен медиа да үлкен әсер етеді. Фильмдер, әндер, әлеуметтік желілер және түрлі интернет-трендтер адамдардың қарым-қатынас туралы түсінігін қалыптастырады. Сондықтан бұл кеңістікте берілетін ойдың жауапкершілігі де жоғары.

Соңғы уақытта әлеуметтік желілерде әнші Әділет Жауғашардың «Сүй иә» әні қызу талқыланды. Әсіресе ән мәтініндегі «сұлудың жоқ дегені – иә» деген ой көпшіліктің назарын аударып, түрлі пікір туғызды. Бір топ тыңдарман мұны көркем шығарма ретінде қабылдаса, енді бір бөлігі мұндай сөздер адамның келісімін елемеуді қалыпты жағдай ретінде көрсетуі мүмкін деген алаңдаушылық білдірді. Осыған байланысты TikTok және басқа да әлеуметтік желілерде бұл пікірге қарсы бейнероликтер мен талқылаулар кеңінен тарады.Бұл жағдай қоғамда маңызды бір мәселені қайта көтерді. Егер өнер туындыларында немесе әлеуметтік желідегі контентте адамның «жоқ» деген жауабын қабылдамау романтикалық әрекет ретінде көрсетілсе, мұндай көзқарас кейбір адамдардың санасында қалыпты мінез-құлық ретінде орнығуы мүмкін. Әрине, бір ғана ән немесе фильм қоғамның көзқарасын толық өзгертпейді. Алайда мәдениет пен медиа қоғамдық пікірдің қалыптасуына ықпал ететін маңызды құралдардың бірі екені сөзсіз.Сондықтан бүгінгі күні келісім мәдениетін қалыптастыру ерекше маңызға ие.

Қорытынды

Сталкинг – бір адамның ғана емес, бүкіл қоғамның қауіпсіздігіне қатысты мәселе. Ол қарапайым хабарламадан немесе «жоқ» деген жауапты қабылдамаудан басталғанымен, кей жағдайда орны толмас салдарға әкелуі мүмкін. Сондықтан мұндай әрекеттерді романтика немесе табандылық ретінде қабылдау – қате түсінік.Соңғы жылдары Қазақстанда бұл мәселеге деген көзқарас өзгере бастады. Қоғамда қызу талқылаулар жүріп, заңнаманы жетілдіру бағытында нақты қадамдар жасалуда. Алайда мәселенің түпкі шешімі тек заңмен шектелмейді. Әрбір адам өзгенің жеке шекарасын құрметтеп, қарым-қатынастың өзара келісімге негізделуі тиіс екенін түсінгенде ғана мұндай жағдайлардың алдын алуға болады. **«Жоқ» деген сөз түсіндіруді қажет етпейді. Ол – адамның таңдауы. Ал сол таңдауды құрметтеу – құқықтық мәдениеттің ғана емес, адамгершілік пен өзара сыйластықтың да басты өлшемі.** Нағыз құрмет – адамның шешімін өзгертуге тырысуда емес, оны қабылдай білуде.